

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
ҰСАҚ ДАУЛАР СОТЫНДА

13 қазан 2023 жыл

№: AIFC-C/CFI/2023/0005 ic

№: AIFC-C/CFI/2023/0007 ic

«ҚАЗАВТОЖОЛ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

Талап қоюшы

«TODINI & SMS» БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРНЫНА

Жауапкер

қарсы

және

«TODINI & SMS» БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРНЫ

Талап қоюшы

«ҚАЗАВТОЖОЛ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

Жауапкер

ШЕШІМ

Сот Төрағасы:

Мәртебелі Лорд Манс

БҰЙРЫҚ

1. 2023 жылғы № 5 және № 7 істердің екеуі де бір тақырыптан туындайды және іс жүзінде бір-бірінің көрінісі болып табылады. Олардың процестік тарихы Соттың 2023 жылғы 26 мамырдағы Бұйрығынан және 2023 жылғы 12 шілдедегі Бұйрығынан туындайды. Сонымен, Сот екі істі де бірге қарау керек деп ұйғарды. Сот өз бұйрығында негізгі мәселені: 2022 жылғы 21 қазандағы Дауларды шешу жөніндегі кеңестің (Дауларды реттеу кеңесі (ДРК)) шешімі түпкілікті болып табыла ма әлде жоқ па деген мәселені шешу үшін ауызша тыңдау күнін белгілеуді өкім етті. Тыңдау 2023 жылдың 26 қыркүйегінде өтетін болып белгіленді, бұл күні Сот екі тараптың ауызша ұсынымдарын тыңдады. Енді осы мәселе бойынша Сот шешімі.
2. 2017 жылғы 30 қарашадағы № EBRD/CW 02/2016 шарт бойынша, № 5 іс бойынша Талап қоюшы және № 7 іс бойынша Жауапкер болып табылатын "Қазавтожол" ұлттық компаниясы" АҚ ("ҚазАвтоЖол") №7 іс бойынша Талап қоюшы және № 5 іс бойынша Жауапкер болып табылатын "Todini & SMS" ("Todini") бірлескен кәсіпорнын автомобиль жолын салу үшін мердігер ретінде тартты. Todini итальяндық Todini Costruzioni Generali S. p. A. құрылыс компаниясының бастамасымен Қазавтожолмен Келісімшарт жасау үшін құрылған бірлескен кәсіпорын екені айқын.
3. Келісімшартқа, соның ішінде, ФИДИК (Халықаралық инженер-консультанттар федерациясы) Келісімшарттың жалпы талаптары кірді, ол жұмысты аяқтау үшін мердігер қосымша ақы және/немесе уақыт талап ете алатын мән-жайлар қарастырылған Қосымшамен толықтырылды. 2022 жылғы 7 маусымдағы хатпен Todini мерзімді ұзарту және қосымша төлем туралы талапқа қатысты Жоба инженерінің ұйғарымын сұратты (ФИДИК Талаптарының 20.1-тармағына сәйкес). Осы сұрау салуға сәйкес Инженер 2022 жылғы 1 шілдедегі ұйғарымды шығарып, онда Todini-дің мерзімді 165 күнге ұзарту және 1 033 435 835 теңге мөлшерінде төлем жасау туралы талабын қанағаттандырды. Todini бұл шешімге қанағаттанбады. Келісімшарттың талаптарына сәйкес, тараптардың кез келгені осы мәселені Дауларды реттеу жөніндегі кеңестің ("ДРК") қарауына бере отырып, Инженердің кез келген шешімін қайта қарауға құқылы болды. Todini, бәлкім, Инженердің шешімімен келіспейтіні туралы хабарлаған. Тараптардың бүкіл дауды мәні бойынша шешу үшін жасаған әрекеттері сәтсіз болып шықты. Осы сәтсіздіктен кейін тараптар "... 2022 жылдың қыркүйегіндегі Қосымша келісімде" дауды «ДРК» деп атаған ұйымда мәні бойынша одан әрі қарауды қарастырды. Бұл Қосымша келісім 2022 жылдың 14 немесе 15 қыркүйегінде жасалған деп әр түрлі айтылады. Бұл жағдайда қай күннің дұрыс екендігінің ешқандай айырмашылығы жоқ. Қосымша келісім 2022 жылғы 15 қыркүйектегі Дауды реттеу жөніндегі үшжақты келісіммен бір мезгілде жасалғаны анық, оған сәйкес Қамбар Рахметұлы Билялов мырза ДРК-ның жалғыз мүшесі болып тағайындалған. Ыңғайлы болу үшін, оны 2022 жылғы 15 қыркүйектегі Дауды реттеу жөніндегі үшжақты келісімнен ажырату мақсатында мен Қосымша келісімді 2022 жылғы 14 қыркүйектегі Қосымша келісім деп атайтын боламын.
4. Келісімшарттың бастапқы ережелеріне сәйкес, тіпті ДРК-тың шешімі де кез-келген мән-жайларда түпкілікті бола алмайды. Қанағаттанбаушылық туралы хабарлама 28 күн ішінде жіберілген жағдайда, оны сондай-ақ Мәскеу қаласында орналасқан Халықаралық сауда палатасының Төрелік сотына жүгіну арқылы қосымшамен келісілген Келісімшартпен бірге оқылатын ДРК-ның 20.4 және 20.6-тармақшаларына сәйкес те даулауға болатын еді. Жалпы сөзбен айтқанда, бұл дау тараптардың шарттың бастапқы ережелерін, соның ішінде ДРК ережелерін, тек пайдаланып немесе қайталап қана қоймай, сонымен қатар 2022 жылғы 14 қыркүйектегі Қосымша келісімге "ДРК-ның" кез келген шешімдері тараптар үшін түпкілікті және міндетті болады" деген ережені енгізуі салдарынан туындайды.
5. Todini қосымша уақыт пен төлем туралы маңызды мәселе бойынша өз позициясын ДРК-ның 20.4 тармақшасына сәйкес Билялов мырзаға Дауларды реттеу жөніндегі кеңес ретінде 2022 жылдың

4 қазанында жіберілген егжей-тегжейлі жазбаша ұсынымында баяндады. ДРК-ның 21 қазандағы шешімінде, ол тараптарға, шамасы, 2022 жылдың 28 қазанында ғана берілгенімен, ҚазАвтоЖолдың 3,680,939,023.36 теңге мөлшерінде қосымша төлем жасау және Todini-ге жобаның аяқталу мерзімін 453 күнге ұзарту міндеті бар болды. 2022 жылғы 18 қарашадағы хатпен ҚазАвтоЖол ДРК-ның 20.4 және 20.6-тармақшаларына сілтеме жасай отырып, хатта қысқаша баяндалған негіздер бойынша ДРК шешіміне қанағаттанбайтыны туралы хабарлама жіберіп, одан әрі қарай бейбіт жолмен реттеуге күш салуды ұсынды және сонымен қатар егер бұл күш-жігер табыспен аяқталмаса, 20.6-тармақшаға сәйкес өзінің төрелікке жүгінетінін көрсетті.

6. 2022 жылғы 8 желтоқсандағы тағы бір № 2 Қосымша келісімде Тараптар олардың арасында осы уақытқа қарай нақты туындаған мәселені - ДРК-ның шешімі түпкілікті және орындау үшін міндетті болған-болмағанына қатысты мәселені анықтады. Олар шартқа өзгерістер енгізді, бұл өзгерістердің талаптары № 5 және № 7 істерді АХҚО сотына беруге әкелді; және олар Қазавтожол Соттың түпкіліктілік мәселесі бойынша шешімін күте отырып, ДРК көздеген төлемді жасайды және мерзімді ұзартады деп келісті. Осы Қосымша келісімнің талаптарында Сот шешімі Қазавтожол мен Todini-дің қайсысының пайдасына шешілетініне қатысты ережелер де көзделген. ҚазАвтоЖол 2022 жылғы 8 желтоқсандағы Қосымша келісім ДРК шешімі түпкілікті болып табылмайды және орындауға міндетті емес деген дәлелдерді растайды және оның талаптары қандай да бір қосымша уақыттың немесе төлем берудің қажеттілігі мәселесін АХҚО сотында мәні бойынша қайта қарауға мүмкіндік береді деп мәлімдейді.
7. Жоғарыда АХҚО сотының № 5 және № 7 істерді қарауына негіз болған негізгі сәттер қысқаша баяндалып отыр. № 5 істе Қазавтожол ДРК шешімін АХҚО сотында қайта қарау туралы өтініш жасайды. № 7 істе Todini тараптар 2022 жылғы 14 қыркүйектегі Қосымша келісімде ДРК шешімі түпкілікті және міндетті болатынымен және бұл мәселе осымен жабылатынымен келісті деп мәлімдейді.
8. Мән-жайды толық суреттеу үшін Сот тағы екі жағдайды атап өтеді. Біріншіден, № 7 істе Todini сонымен қатар ДРК-ның одан әрі қарайғы шешіміне сәйкес депозиттік шотқа қосымша 3 680 939 023,36 теңге аудару және мерзімді 453 күнге ұзарту туралы бұйрықты талап етті. 2023 жылдың 15 маусымында Қазавтожол Bank of New York Mellon Банкіндегі Todini & SMS рейтингімен байланысты мәселеге байланысты ДРК тағайындаған соманы тек ішінара төлегенін мойындады, бірақ төленуі тиіс қалған ақша төленетін депозиттік шот ашылған. Сот өзінің 2023 жылғы 12 шілдедегі Бұйрығында бұған керісінше жағдай туралы кез келген мәлімдемелер (осындай бұйрық шыққан күннен бастап жеті күн ішінде алынуы тиіс) қаралған жағдайда, Todini сол сәтке төленбей қалған қалдықты (яғни 2 942 770 569,13 теңгені) шартты түрде депонирлеу шотына төлеу туралы бұйрық алуға құқылы деп қаулы етті. Бір-біріне қайшы келетін мұндай өтініштер қабылданбағандықтан, Соттың депозиттік шотқа 2 942 770 569,13 теңге мөлшерінде төлем жасау туралы бұйрығы күшіне енді және Соттың түсінігінде тиісті түрде орындалды. Екіншіден, Todini 2023 жылғы 10 маусымдағы арызында № 7 ісі бойынша өзінің талап қоюын оған АҚШ долларымен төлем жасау талабы мен пайыздар туралы қосымша төлем талабын қосып, кеңейтуге тырысты. 2023 жылғы 12 шілдедегі бұйрықпен Сот кез-келген бұдан арғы қосымша ұсынымдар қаралған жағдайда, бұл қосымша талаптар № 7 істің шеңберінен шығады, сондықтан қолданыла алмайды деген пікір білдірді. Басқаны растайтын ешқандай негіздер берілмегендіктен, қосымша талаптар туындамайды және одан әрі қарауды қажет етпейді. Осы кезеңде шешілуі тиіс мәселе - ДРК шешімі барлық мақсаттар үшін түпкілікті және міндетті болып табыла ма әлде іс Қазавтожолдың бастамасы бойынша қайта қарала ала ма.

Келісімшарт

9. ДРК шешімі түпкілікті және міндетті болып табылатынын-табылмайтынын анықтау үшін Келісімшартты және одан кейінгі келісімдерді анағұрлым егжей-тегжейлі қарастыру қажет.

Келісімшартта Todini жұмыстың аяқталу мерзімін ұзартуды және/немесе қосымша төлемді талап ете алатын мән-жайлар егжей-тегжейлі баяндалған. ФИДИК КЖТ-сы мен Қосымшада мыналар көзделген:

- (i) Бірінші кезекте "Todini & SMS" бірлескен кәсіпорны құрылыс жобасының Инженерінен осындай қандай да бір талаптың негізделгенділігін анықтауды және куәландыруды сұрауға құқылы болды. (20.1-тармақ).
- (ii) Егер Тараптардың қайсысы болмасын инженердің сертификатын немесе оның қорытындысын дауласа, ол мұндай дауды ФИДИК Президенті тағайындаған (келісілмеген жағдайда) "бір жалғыз мүшеден" тұратын "Дауларды реттеу жөніндегі кеңеске" ("ДРК") беруге құқылы болды (қосымшамен бірге оқылатын 20.2-тармақша).

(iii) ДРК шешімі

"егер төменде сипатталғандай бітімгершілік келісімнің немесе төрелік шешімнің нәтижесінде олар қайта қаралмаса, екі Тарап үшін де міндетті, олар оны дереу орындауы тиіс" болды (20.4-тармақша).

- (iv) Егер Тараптардың қайсысы болмасын ДРК шешіміне наразы болса, оның 28 күн ішінде Қанағаттанбаушылық туралы хабарлама жіберуге құқығы болды;

"Егер Тараптардың екеуіне де ДРК дау тақырыбы бойынша өз шешімін ұсынса және Тараптардың ешқайсысы да ДРК шешімін алғаннан кейін 28 күн ішінде Қанағаттанбаушылық туралы хабарлама жібермесе, онда шешім екі тарап үшін де түпкілікті және міндетті болады" (20.4-тармақша).

- (v) "Егер жоғарыдағы 20.4-тармақшаға сәйкес Қанағаттанбаушылық туралы хабарлама жіберілсе, екі Тарап та төрелік талқылау басталғанға дейін дауды бейбіт жолмен шешуге тырысып көруі керек. Алайда, егер екі Тарап та өзге туралы уағдаласпаса, Қанағаттанбаушылық туралы хабарлама жіберген Тарап Қанағаттанбаушылық туралы хабарлама жіберілген күннен бастап елу алтыншы күн өткеннен кейін төрелік талқылауды, тіпті бейбіт жолмен реттеу үшін ешқандай талпыныс жасалмаса да, бастауы керек (20.5-тармақша).

- (vi) "Тараптар арасында Шарттан немесе оған байланысты туындайтын кез келген дау ол жоғарыдағы 20.5-тармақшаға сәйкес бейбіт жолмен реттелмеген және ДРК шешімі (егер бар болса) оған қатысы түпкілікті және міндетті болып табылмаған жағдайда, төрелікте түпкілікті шешілуге жатады". (20.6-тармақша).

- (vii) Бұдан әрі қарай 20.6-тармақшада кез келген осындай төрелік талқылауды жүргізудің, соның ішінде шетелдік мердігерлермен келісімшарт жасасқан жағдайда жүргізудің әртүрлі тәсілдері көзделген (өйткені бұл, сірә, "Халықаралық сауда палатасы мен ICC Арбитраждық регламенті аясында жүргізілетін іс" ретінде қарастырылған. (20.6(a) тармақша). Көрсетілген әдіс Қосымшада ережемен анықталған, онда былай деп бекітілген:

"20.6 (a) Төрелік регламент. Мекеме Мәскеудегі Халықаралық сауда палатасы болып табылады және Төрелік регламент ЮНСИТРАЛ регламентіне сәйкес келетін болады".

Енгізілген түзетулермен қоса алғандағы шарт.

10. 20.2-тармақшаға және ФИДИК КЖТ-сының Қосымшасына сәйкес, Тараптар мүмкіндігінше ДРК ретінде әрекет ететін бір білікті маман жөнінде уағдаласуға, сондай-ақ онымен сыйақы туралы (әрбір Тарап оның жартысын төлеуі тиіс болған) уағдаласуға тиіс болған. Реттеу туралы сәтсіз келіссөздерден кейін ҚазАвтоЖол 2022 жылдың 12 қыркүйегінде Todini-ге келесі хатты жіберді:

"Келісімшарт бойынша құрылыс мерзімінің аяқталуын (2022 жылғы 30 шілде), мердігердің талаптарын ескере отырып, Тараптардың жобаны одан әрі іске асыру жөнінде келісімі болмауына байланысты, Келісімшарттың Жалпы талаптарының 20.2-тармағын басшылыққа ала отырып, Дауларды реттеу жөніндегі кеңес туралы Келісімнің жобасын қол қою үшін жіберіп отырмыз, сондай-ақ Дауларды реттеу жөніндегі кеңестің мүшесі ретінде Камбар Рахметұлы Биляловтың кандидатурасын ұсынамыз".

11. Хатқа үш құжат қоса берілді:

- а. Қазақстан ұлттық кәсіби инженерлер мен консультанттар қауымдастығы" ЗТБ-ның Дауларды реттеу жөніндегі кеңестің үш ықтималды мүшесін ұсыну жөніндегі хаты, олардың бірі Билялов мырза болды;
- б. Билялов мырзаны Дауларды реттеу жөніндегі кеңестің жалғыз мүшесі етіп тағайындау туралы үшжақты келісімнің жобасы (ағылшын және орыс тілдерінде), ол 2022 жылғы 15 қыркүйектегі Дауларды реттеу жөніндегі үшжақты келісімнің негізін қалады; және
- с. 2022 жылғы 14 қыркүйектегі Қосымша келісім болған Қосымша келісімнің жобасы (ағылшын және орыс тілдерінде).

12. с) тармағында аталған Қосымша келісімнің жобасының тұжырымы мынадай болды:

«Тапсырыс беруші жобалайтын құрылыс және инженерлік жұмыстар үшін Құрылыс келісімшартының талаптары ФИДИК Көпжақты даму банкінің 2010 жылғы Үйлестірілген басылымы болып табылатынын назарға ала отырып, Тараптар Келісімшарттың Жалпы және Ерекше талаптарының 20.2-тармақшасына сәйкес Дауларды реттеу жөніндегі кеңесті (бұдан әрі қысқартылған түрде "ДРК") тағайындайды.

Келісімшарттың Ерекше талаптарының 20.2-тармақшасына сәйкес ДРК бір жалғыз мүшеден тұрады.

Тапсырыс беруші мен Мердігер EBRD/CW 02/2016 Келісімшартын ... (бұдан әрі - Келісімшарт) жасасқанын және жалғыз судья ретінде Дауларды реттеу жөніндегі кеңестің мүшесін, ол да Дауларды реттеу жөніндегі кеңес деп аталатын болады, бірлесіп тағайындауды қалайтынын назарға ала отырып ...

Сондай-ақ, "Қазақстан ұлттық кәсіби инженерлер мен консультанттар қауымдастығы" ЗТБ-ның 2022 жылғы 6 қыркүйектегі хатын назарға ала отырып,

Тараптар келесі келісімге келді:

«1. Шарт бойынша "ДРК" жалғыз қатысушысын тағайындау

Келісімшарттың Жалпы талаптарының 20.2-тармағын басшылыққа ала отырып, Тараптар ...

Камбар Рахметұлы Билялов мырзаны, ..., Келісімшарт бойынша "ДРК"-ның жалғыз қатысушысы етіп тағайындауға келісті.

2. Басқа ережелер

2.1 ДРК-ның кез-келген шешімдері Тараптар үшін түпкілікті және орындауға міндетті болады.

2.2 Осы Қосымша келісім Қосымша келісімге қол қойылған күнінен бастап толық күшіне енеді
".

13. Todini жобаны ұсынылған түзетулермен қайтарды. Олар, соның ішінде, "Dispute Adjudication Board" және "Dispute Resolution Board" тіркестеріндегі "Adjudication" және "Resolution" сөздерін алып тастауды; қосымша әдейі ескерту қосуды; және бір "судьяны" тағайындау сілтемесін бір "төрешіні" тағайындау сілтемесімен ауыстыруды қарастырды. Сонымен, жазылуы келесі түрде болады:
- «Тапсырыс беруші жобалайтын құрылыс және инженерлік жұмыстар үшін Құрылыс келісімшартының талаптары - ФИДИК Көпжақты даму банкінің 2010 жылғы Үйлестірілген басылымы болып табылатынын назарға ала отырып, Тараптар Келісімшарттың Жалпы және Ерекше талаптарының 20.2-тармақшасына сәйкес Дауларды реттеу жөніндегі кеңесті (бұдан әрі қысқартылған түрде "ДРК") тағайындайды. Даулар бойынша шешімді Келісімшарттың Жалпы талаптарының 20.4-тармақшасына [Дауларды реттеу жөніндегі кеңестің шешімін алу] сәйкес "ДРК" қабылдайды. Тапсырыс беруші мен Мердігер EBRD/CW 02/2016 Келісімшартын ... (бұдан әрі Шарт деп аталады) жасасқанын және жеке-дара төреші ~~судья~~ ретінде Дауларды реттеу жөніндегі кеңестің мүшесін, ол да Дауларды реттеу жөніндегі кеңес деп аталатын болады, бірлесіп тағайындауды қалайтынын назарға ала отырып ».
14. Сайып келгенде, қандай да бір себептермен Тараптар 2022 жылғы 14 қыркүйектегі Қосымша келісімге Todini жаңа редакцияда ұсынған талаптармен емес, ҚазАвтоЖол ұсынған талаптармен қол қойды.
15. Билялов мырзаны тағайындау туралы жоғарыда б) тармағында аталған үшжақты келісімнің жобасына қатысты мыналар айтылды:
- "Тапсырыс беруші, Орындаушы және ДРК осы Дауларды реттеу жөніндегі келісімді (бұдан әрі – "Келісім") жасасты және мыналар туралы уағдаласты:
1. Осы Келісімнің талаптары Келісімшарттың 2010 жылғы маусымда MDB-мен келісілген Жалпы ережелері мен талаптарына қоса берілетін "Дауларды реттеу жөніндегі келісімнің жалпы ережелері мен шарттарын" және келесі ережелерді қамтиды.
Дауларды реттеу жөніндегі келісімнің Жалпы талаптарына өзгерістерді қамтитын осы ережелерде сөздер мен сөз тіркестері оларға Дауларды реттеу жөніндегі келісімнің Жалпы талаптарында берілген мәндерге ие болады.
 2. Бұдан әрі Келісімнің жалпы талаптарындағы өзгерістер туралы егжей-тегжейлі ақпарат келтіріледі:
 - > Шарттың «Шарттың жалпы ережелері мен талаптары» қосымшасы
 - > Келісімнің "Процедуралық қағидалар" қосымшалары
16. Әрі қарай жобада Билялов мырзаның қызметтеріне ақы төлеу шығындары қарастырылды, содан кейін:
- «4. Тапсырыс беруші мен Орындаушы "Келісімшарттың Жалпы талаптарының" 6-тармағына сәйкес жасауы тиіс осы алымдар мен басқа да төлемдерді ескере отырып, ДРК осы Келісім бойынша Дауларды реттеу жөніндегі кеңес ретінде (төреші ретінде) әрекет етуге келіседі".
17. Өзгерістер енгізілген, Todini ұсынған деп болжанып отырған жобада келесі түрде берілген әр түрлі түзетулер ұсынылды, олар былай берілді:
- «1. Тапсырыс беруші, Орындаушы және ДРК мүшесі осы Дауларды реттеу жөніндегі келісімді (бұдан әрі – "Келісім") жасасты және мыналар туралы уағдаласты:
- Осы Келісімнің талаптары Келісімшарттың MDB-мен келісілген 2010 жылғы маусымда келісілген басылым, Халықаралық инженерлер мен консультанттардың федерациясы («ФИДИК») жариялаған» Көпұлтты даму банкінің Құрылыс мердігерлігінің жалпы

талаптарының» 2010 жылғы маусымда MDB-мен келісілген Жалпы ережелері мен талаптарына қоса берілетін "Дауларды реттеу жөніндегі келісімнің жалпы ережелері мен шарттарын" және одан кейінгі ережелер мен талаптарды қамтиды. Дауларды реттеу жөніндегі келісімнің Жалпы талаптарына түзетулерді қамтитын осы ережелер мен талаптарда сөздер мен сөйлемдер оларға Дауларды реттеу жөніндегі келісімнің Жалпы талаптарында берілген мәндерге ие болады.

2. Бұдан әрі Келісімнің Жалпы талаптарындағы ~~өзгерістер туралы егжей-тегжейлі ақпарат~~ өзгерістер келтіріледі:

2.1 Мердігер дау бойынша апелляцияны Дауды шешу жөніндегі кеңеске осы Келісімге қол қойылған күннен бастап 21 күн ішінде ... береді;

2.2 Тапсырыс беруші Орындаушының апелляциясына өзінің жауабын Кеңеске осы Келісімге қол қойылған күннен бастап 28 күн ішінде береді;

2.3 Комиссия осы Келісімге қол қойылған күннен бастап 45 күнтізбелік күн ... ішінде дау бойынша шешім шығарады.

> Шарттың «Шарттың жалпы ережелері мен талаптары» қосымшасы

> Келісімнің "Процедуралық қағидалар" қосымшалары

18. Нәтижесінде Билялов мырзаның тағайындалуы 2022 жылғы 15 қыркүйектегі түзетілген жобаға сәйкес және оның талаптарына сай, бірақ тек орыс тіліндегі нұсқада келісілді.

19. Құрамында Билялов мырза болған ДРК 2022 жылғы 21 қазанда шешім шығарғаннан кейін, бұл шешімнің түпкілікті болып табылатын-табылмайтыны туралы және Билялов мырза белгілеген төлем мен мерзімдерді ұзарту заңды деп ҚазАвтоЖолдың кез келген басқа алаңда мәлімдеуіне мүмкіндік беретіні-бермейтіні туралы сұрақ туындады.

20. Бұл жағдайларда Тараптар тағы бір келісім жасасты. Жоғарыда 6-тармақта аталған 2022 жылғы 8 желтоқсандағы № 2 Қосымша келісімде олар Todini-дің қосымша уақыт пен төлем туралы талабын, Инженердің 2022 жылғы 1 шілдедегі ұйғарымын және Дауларды шешу жөніндегі кеңестің 2022 жылғы 21 қазандағы шешімін қамтитын тарихты баяндады және былай деп жалғастырды:

«Преамбула

....

Тапсырыс беруші Инженердің ұйғарымымен және ДРК шешімімен келіспейді. Осыған байланысты, Келісімшарт талаптарына сәйкес, Тапсырыс беруші өтеу сомасына және жұмыстарды аяқтау мерзімін ұзартуға қатысты дауды шешу үшін Астана қаласындағы АХҚО сотына (АХҚО) жүгінуге мәжбүр.

Бұл ретте, осы мәселені шешу мерзімі ұзаққа созылып кеткенін назарға ала отырып және Жұмыстарды жалғастыру және аяқтау мақсатында ДРК шешіміне сәйкес Тапсырыс беруші 3 680 939 023,36 теңге мөлшерінде өтемақы төлейді және Жұмыстарды аяқтау мерзімін 453 күнге ұзартады. Мердігер 2022 жылғы 15 қыркүйекте қол қойылған Дауларды реттеу жөніндегі кеңестің келісіміне сәйкес, Дауларды реттеу жөніндегі кеңестің шешімін түпкілікті және міндетті деп санайды. Тапсырыс беруші Дауларды реттеу жөніндегі кеңестің шешімін КЖШ-ның 20.4-тармағына сәйкес міндетті, бірақ түпкілікті емес деп санайды.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Тараптар Шешім қабылдады:

1. Келісімшартқа келесі өзгерістер енгізілсін.

- 1.1 Тендерге Қосымшаның 20.6 (А) (Төрелік ережесі) тармақшасына, А бөлігі, Арнайы шарттар, Келісімшарттың ақпарат, өзгерістер енгізілсін, "Халықаралық сауда палатасының" орнына "Астана" халықаралық қаржы орталығы" (бұдан әрі – АХҚО соты) болып ауыстырылсын.
2. Тараптар Қосымша келісімнің 2.1-тармақшасына сәйкес, сонымен қатар Тапсырыс берушінің пікірі бойынша КЖТ-ның 20.4 тармақшасына сәйкес орындауға міндетті, бірақ түпкілікті болып табылмайтын ДРК шешімінің негізінде Тапсырыс беруші "СинеМидасСтрой" БК" ЖШС-ның арнайы эскроу-шотына 3 680 939 023,36 теңге мөлшерінде төлем жасайды және осы Келісімшарттың аяқталу мерзімін осы № 2 Қосымша келісімге қол қойылған күннен бастап 453 күнге ұзартады деп уағдаласты. Солай бола тұра, Тапсырыс беруші осы мәселе бойынша сотқа жүгінген.
- 2.1 Бұл ретте, егер шешім Тапсырыс берушінің пайдасына қабылданған жағдайда, Мердігер соманы Соттың ресми шешімі шыққаннан кейін 84 күн ішінде өтеуге міндеттенеді.
- 2.2 Бұл ретте, егер шешім Мердігердің пайдасына қабылданған жағдайда, Тапсырыс беруші төленген қаражатты қайтаруды Мердігерден талап етпеуі және Мердігерге айыппұл санкцияларын қолданбауы тиіс.
3. Осы № 2 Қосымша келісім Келісімшарттың ажырамас бөлігі болып табылады және оған қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді және Тараптар Келісімшарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.
4. Тараптар Келісімшарттың осы Қосымша келісім қозғамаған қалған талаптары өзгеріссіз қалатынымен келіседі".

Құқық

21. Тендердің А қосымшасына / Арнайы талаптардың А бөлігіне сәйкес - келісімшарттың 1.4-тармақшасындағы Келісімшарттың ақпаратта реттеуші құқық - Қазақстан Республикасының заңнамасы, ал негізгі тіл - орыс тілі болып табылатыны көзделген.
22. Сондықтан Келісімшарт Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне сәйкес қолданылатын шарт құрылымының қағидаттарына сәйкес түсіндірілуге тиіс. Оларға 22-тараудың келесі ережелері кіреді:

«380-бап. Шарт еркіндігі

1. Азаматтар және заңды тұлғалар шарт жасасуға ерікті.
2. Тараптар заңдарда көзделген шартты да, көзделмеген шартты да жасаса алады.
-

382-бап. Шарт жағдайларын анықтау

1. Тиісті шарттың мазмұны, заңдармен жазылған жағдайлардан басқасында, шарт ережелері тараптардың өз қалауы бойынша белгіленеді.

.....

392-бап. Шартты түсіндіру

1. Сот шарт ережелерін түсіндірген кезде ондағы сөздер мен сөйлемдердің сөзбе-сөз

мәні ескеріледі. Шарт ережесінің сөзбе-сөз мәні түсініксіз болған ретте ол бүкіл шарттың басқа ережелерімен және мағынасымен салыстыру арқылы анықталады.

2. Егер осы баптың бірінші тармағындағы ережелермен шарт мазмұнын анықтау мүмкін болмаса, шарт мақсатын ескере отырып тараптардың шын мәніндегі ортақ еркі анықталуға тиіс. Бұл орайда шарт жасасу алдындағы келіссөздер мен хат жазысуды, тараптардың өзара қатынастарында орныққан тәжірибені, іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарды, талаптардың бұдан кейінгі мінез-құлқын қоса алғанда, тиісті мән-жайлардың бәрі ескеріледі.»

Талдау

23. Азаматтық кодекстің осы баптарында көрсетілген құқық қағидаттарын қолданбас бұрын, Сот шартты жасауға қатысты негізгі мәселені шешуі тиіс. Азаматтық кодекстің 392.1-бабында бекітілген қағидатқа сәйкес, негізгі назар түсіндірілетін ереженің тұра мағынасына аударылады, бірақ егер ол түсініксіз болса, онда тиісті ереже шарт талаптарының барлығы "және жалпы алғанда шарттың мағынасы" тұрғысынан салыстырылуы және түсінілуі керек. Құжатта екі тарап та қол қойған жазбаша келісім болған жағдайда, бұл іс-әрекет аясының салыстырмалы түрде шектеулі екенін көрсетеді. Егер жазбаша келісім қандай да бір алдыңғы келісімді орындауға, толықтыруға немесе өзгертуге бағытталған болса, онда, сөзсіз, қалай болғанда да, күмән туындаған жағдайда, кейінгі келісімді алдыңғы келісіммен салыстыруға және оны алдыңғы келісім мәнмәтінінде оқуға жол беріледі. 2022 жылғы 14 қыркүйектегі Қосымша келісім 2022 жылғы 15 қыркүйектегі Дауларды реттеу жөніндегі үшжақты келісіммен ортақ мақсатта іс жүзінде бір мезгілде келісілгенін және жасалғанын ескере отырып, бәлкім, осы Келісімнің тұжырымдамасын назарға алу заңды болар еді. Алайда бұл осы жағдайда шешуші маңызға ие емес.
24. 392-бапты кез келген шарт құрастыру процесінде мүлде әртүрлі екі кезеңнен тұрады деп оқу кез келген мән-жайларда қаншалықты орынды екендігі - мен осы жағдайда қарастыруым тиіс мәселе емес. Ағылшын құқығында түсіндіру - "итеративті" процесс деп санау қалыптасқан, оның барысында "келісімнің мақсаты" мен онымен байланысты 392.2-бапта аталған сияқты мән-жайлар қолданылатын сөздердің тұра мағынасы ретінде түсінілуіне немесе түсінілуі мүмкін болуына ықпал ететін болып шығуы мүмкін. Қазақстандық заңнамада бұл мәселе бойынша позиция қандай болса да, осы істің нәтижесі үшін ол маңызды емес.
25. Хронологиялық та, сол сияқты логикалық та тұрғыдан бастапқы нүкте 2022 жылғы 14 қыркүйектегі Қосымша келісім болып табылады. Осыған сүйене отырып, бұдан әрі Қазавтожолдың 2022 жылғы 8 желтоқсандағы № 2 Қосымша келісімге сілтемесін істің АХҚО сотында мәні бойынша қаралуына ҚазАвтоЖолдың құқығы бар екендігінің дәлелі ретінде қарау орынды болады.
26. Соттың пікірінше, 2022 жылғы 14 қыркүйектегі Қосымша келісімдегі сөздер мен сөйлемдердің сөзбе-сөз мәні айқын және келісімнің жалпы алғандағы мағынасымен расталады. Ол ДРК-ны шешім қабылдайтын соңғы сатыға айналдырып, ҚазАвтоЖолды ол ДРК шешіміне қанағаттанбаған жағдайда, ФИДИК КЖШ-ның 20.4 және 20.6 тармақшаларына сәйкес басқа инстанцияға (соның ішіне, Мәскеудегі Халықаралық сауда палатасының Төрелік сотына) жүгінуіне болатын құқығынан айыруда болып табылады.
27. Ең алдымен, 2022 жылғы 14 қыркүйектегі Қосымша келісімнің 2.1-тармағында "ДРК"-ның кез-келген шешімдері тараптар үшін түпкілікті және міндетті болатыны" анық және біржақты көрсетілген. Бұдан басқа, бұл тұжырым ФИДИК КЖТ-ның 20.4 және 20.6 тармақшаларының

ережелерімен тығыз байланысты, онда Дауларды реттеу жөніндегі кеңестің шешімі қашан "түпкілікті және міндетті" болып табылатыны немесе табылмайтыны егжей-тегжейлі түсіндірілген. 2022 жылғы 14 қыркүйектегі Қосымша келісімді (сондай-ақ 2022 жылғы 15 қыркүйектегі Дауларды реттеу жөніндегі келісімді) әзірлеу және келісу кезінде Тараптардың ойында ФИДИК КЖТ-сы болғаны айқын. Тыңдауларда ауызша сөйлеу кезінде Todini атап өткендей, екі Тарап та коммерциялық кәсіпорындар болып табылады, олар, қалай болғанда да, ФИДИК КЖТ-ның схемасымен жақсы таныс болуы тиіс. 2022 жылғы 14 қыркүйектегі Қосымша келісіммен Тараптар кейбір мән-жайларда (Қанағаттанбаушылық туралы хабарламаны ұсынбау немесе уақтылы ұсынбау) ДРК шешімі "түпкілікті және міндетті" болып табылатыны көзделген ФИДИК талаптарына тікелей жүгінген. Олардың Қосымша келісімде дәл осы - түпкілікті және міндетті тіркестерін «ДРК-ның кез келген шешімдеріне қатысты» пайдалануының жалғыз салдары – олар түзетілмеген ДРК туралы келісімге сәйкес қолданылатын және ДРК шешімін кез келген мән-жайларда міндетті ететін режимнен айрықшаланатын режим белгілегендігінде болып табылады.

28. Екіншіден, 2022 жылғы 14 қыркүйектегі Қосымша келісімде Тараптар әдетте түпкіліктілікпен байланыстырылатын басқа терминдерді пайдаланған. Соның ішінде, олар алдыңғы келісімде "Сот шешімі" мен "судья" ретінде Билялов мырзаға сілтеме жасаған. ("Төреші" термині 2022 жылғы 15 қыркүйектегі Дауларды шешу жөніндегі келісімдегі Билялов мырзаның рөлін сипаттау үшін де пайдаланылған).
29. Істің мәнін, сонымен қатар инженердің және Билялов мырзаның шешімін Мәскеу қаласындағы Халықаралық сауда палатасының Төрелік сотында қайта қарау ықтималды түрде көзделген олардың бастапқы Келісімшартында, сөзсіз, жол берілген күрделі процедураны Тараптар іс жүзінде үзген болып түсінілмес бұрын, Тараптардың мұндай тұжырымдаманың орнына анағұрлым айқын тұжырымдарды қолдануына кеңес беруге болар еді. Алайда, Соттың пікірінше, бұл болжам жоғарыда 27 және 28-тармақтарда айтылған ой-пікірлерден басым бола алмайды. Соның ішінде, Тараптар келіскен – "ДРК"-ның кез-келген шешімдері Тараптар үшін түпкілікті және орындау үшін міндетті болады" тұжырымдамасы – шын мәнінде, айқын.
30. Осыған сүйене отырып, мен 2022 жылғы 14 қыркүйектегі Қосымша келісімнің тиісті тұжырымына келу үшін 392-баптың 2-тармағындағы қағидатқа жүгіну қажет деп санамаймын. Бірақ егер басқа ілеспе мән-жайлар тұрғысынан осы Келісімнің мақсатын кеңірек қарастыратын болсақ, онда ол түпкіліктілікке жету ниетіне сәйкес келеді.
31. Осыған байланысты Сот Тараптар келіссөздер мен 2022 жылғы 14 қыркүйектегі Қосымша келісімді және 2022 жылғы 15 қыркүйектегі Дауларды реттеу жөніндегі келісімді келісуді бастамас бұрын олардың арасындағы маңызды мәселелерді реттеуге қатысты келісімге келуге сәтсіз әрекет жасағаны туралы ақпараттандырылды. Қалай болғанда да, бұл Тараптардың консенсус негізінде реттеуге күш салу әрекеттері сәтсіз болып шыққан жағдайда, олар ДРК-ның кез келген шешімін тағы бір алаңда (Келісімшарттың бастапқы талаптарына сәйкес Мәскеу қаласындағы Халықаралық сауда палатасының Төрелік сотында) шешім алудың тағы бір ықтималды тәсілі ретінде қараудың орнына, араларындағы кез келген қосымша уақыт шегіне және төленуі тиіс өтемақыға қатысты елеулі мәселелерді түпкілікті реттеудің қандай да бір басқа тәсілдерін келісуді қалайтын болатыны фактісін түсіндіреді. ДРК шешіміне түпкілікті және міндетті сипат беру осындай мақсатқа жетуге мүмкіндік берер еді.
32. Todini ұсынған құжаттарда Todini қызметкерлері арасындағы 2022 жылдың 5 қыркүйегіндегі ішкі электрондық хаттар шынымен де бар, олар Todini осы мақсатты көздегенін растайтын сыңайлы. Алайда, бұл хаттардың Қазавтожолға қандай да бір маңызды сәтте жеткені немесе белгілі болғаны туралы болжам жоқ, сондықтан мен оларды Тараптардың өзара пікір алмасуына және 2022 жылғы 14 қыркүйектегі Келісімге қатысты ақпарат ретінде қарастыра алмаймын. Оның

үстіне, ҚазАвтоЖолдың тұжырымдама мәтінінің жобасы бойынша ұсынысы оның 2022 жылғы 12 қыркүйектегі хатымен бірге жіберілгені туралы (жоғарыдағы 10-тармақ) ешқандай дәлел жоқ (реттеу бойынша сәтсіз келіссөздер жүргізілгенінен басқа). Оны сол күйінде қарастыру керек.

33. Сонымен, осы уақытқа дейін позиция 2022 жылғы 14 қыркүйектегі Қосымша келісімнің айқын салдары, түсінуімізше, басқаша болған жағдайда ФИДИК КЖТ-ның 20.4 және 20.6 тармақшаларына сәйкес бар болатын кез келген басқа даулау құқығын жою үшін түпкілікті және міндетті болып табылатын ДРК-ның 2022 жылғы 21 қазандағы шешімін қабылдауда болып табылады және болып табылуы тиіс. Осыған байланысты Сот 2022 жылғы 8 желтоқсандағы № 2 Қосымша келісімге көшеді. Тыңдаулардағы ұсынымдарында ҚазАвтоЖол бұл түзетуге ДРК шешімі түпкілікті болып табылмайтындығы және оны АХҚО сотында қайта қарауға болатыны туралы куәлік немесе нұсқау ретінде сілтеме жасады.
34. ҚазАвтоЖол ұсынған материалдарды бұған қатысты екі ықтималды салаға қатысты ретінде қарастыруға болады. Біріншіден, Азаматтық кодекстің 392-бабының 2-тармағына сәйкес, Тараптардың бұдан кейінгі мінез-құлқы бұдан бұрынырақтағы Келісімді, бұл жағдайда 2022 жылғы 14 қыркүйектегі Қосымша келісімді әзірлеу кезінде, қалай болғанда да, кей мағыналарында, ескеріле алады және сонымен қатар ескерілуі тиіс те. Екіншіден, Қазавтожол 2022 жылғы 14 қыркүйектегі № 2 алдыңғы Қосымша келісім бойынша позициясы қандай болғанына қарамастан, 2022 жылғы 8 желтоқсандағы № 2 Қосымша келісімге оған ДРК шешімін АХҚО сотында даулау құқығын беретін келісім ретінде сүйенді.
35. 2022 жылғы 8 желтоқсандағы № 2 Қосымша келісімнің 1.1 тармағына сәйкес, ФИДИК КЖТ-ның 20.6(а) тармақшасының мақсаттары үшін Тараптар Мәскеу қаласында орналасқан Халықаралық сауда палатасының Төрелік сотын АХҚО сотымен ауыстырған болса керек. 20.6-тармақ жалпы мағынасында барлық дауларды және бейбіт жолмен шешілмеген кез-келген дауларды қамтитын және ДРК-ның қандай да бір түпкілікті және міндетті шешімінің мәні болып табылмайтын дауларды шешу жөніндегі ережені білдіреді. Бір қарағанда, 1.1-тармақ осы Келісімшарт бойынша осы, сол сияқты кез келген болашақ мақсаттар үшін 20.6(а) тармақшаға жалпы түзету ретінде оқылады. Қай тұрғыдан болса да, бұл ағымдағы даудың немесе 2022 жылғы 8 желтоқсандағы № 2 Қосымша келісімде аталған даулардың мақсаттарындағы түзету болған.
36. 2-тармақта Тараптар АХҚО сотының шешіміне дейін нысаналы депозиттік шотқа дереу төлем жасауды және мерзімді дереу ұзартуды көздей отырып, аралық позиция туралы мәселені қарауды жалғастырған. Ақырында, олар позицияны Сот шешімі ҚазАвтоЖолдың немесе Todini-дің пайдасына шығарылатынына байланысты реттейтін ережелерді енгізген. Егер сот Қазавтожолдың пайдасына шешім қабылдағанда, Todini нысаналы депозитке төленген соманы өтейтін еді. Егер Сот Todini пайдасына шешім шығарғанда, онда Қазавтожол шартты депонирлеуді өндіріп алу немесе кешіктіру үшін шығындарды өтеу туралы талап қоймауы тиіс еді.
37. Мәселе бұл ережелер бойынша қандай дау немесе даулар туралы сөз болып тұрғанында. ҚазАвтоЖол АХҚО сотына тек ДРК шешкен мәні бойынша мәселе, атап айтқанда: Келісімшарт бойынша Todini-ге қосымша уақыт берілуі және төлем төленуі тиіс болды ма, егер солай болса, қандай деген мәселе ғана берілді немесе беріледі деп мәлімдейді. Басқаша айтқанда, Тараптар Келісімшарттың 20.4 және 20.6 тармақшаларға сәйкес ДРК-ның шешіміне қанағаттанбаушылық туралы хабарлама белгіленген мерзімде берілген жағдайларда қолданылатын бастапқы схемасын қолданысқа енгізгеннен асқан жоқ, бірақ олар Мәскеудегі Халықаралық сауда палатасының Төрелік сотын дауларды шешудің тиісті органы ретіндегі АХҚО сотына ауыстырды.
38. Қазавтожолдың Осы мәселе бойынша мәлімдемесін қолдау үшін, ол жоғарыда келтірілген 20-тармақта егжей-тегжейлі баяндалған деп айтуға болады, атап айтқанда:

«Тапсырыс беруші Инженердің ұйғарымымен және ДРК шешімімен келіспейді. Осыған байланысты, Келісімшарт ережелеріне сәйкес, Тапсырыс беруші өтеу сомасына және жұмыстарды аяқтау мерзімін ұзартуға қатысты дауды шешу үшін бұл мәселені Астана қаласындағы «Астана» халықаралық қаржы орталығының сотына (АХҚО) береді».

39. Алайда, бұл тармақты оқшаулап қарастыруға болмайды. Әрі қарай мәтінде келесі тұжырымдар бар:

«Мердігер 2022 жылғы 15 қыркүйекте қол қойылған Дауларды реттеу жөніндегі кеңестің келісіміне сәйкес, ДРК шешімін түпкілікті және міндетті деп санайды.

Тапсырыс беруші ДРК шешімін КЖШ-ның 20.4-тармағына сәйкес міндетті, бірақ түпкілікті емес деп санайды».

40. Қазавтожол берген ұсынымдар ДРК шешімі түпкілікті ғана емес, сонымен қатар орындауға міндетті де болып табылатыны-табылмайтынына қатысты тараптардың өте өзгешеленетін көзқарастары осылай мұқият баяндалғаннан кейін мұны қабылдауды талап етеді, ал Todini & SMS болса, келісімнің қарар бөлігіне сәйкес өінің позициясынан бас тартуды және шын мәнінде ол 2022 жылғы 14 қыркүйектегі шартты жасаған түпкілікті шешімнің артықшылықтарын және АХҚО сотына қосымша уақыт пен өтемақыға қатысты мән мәселелерін қарау ғана берілуін мақұлдады. Сот 2022 жылғы 8 желтоқсандағы № 2 Қосымша келісімнің талаптарын түсіндіру мүмкін емес деп ойлайды және, егер одан әрі қарайтын болсақ, осы екі Тарап жеткен келісім мүмкін емес деп санайды. Жоғарыдағы 38-тармақта келтірілген егжей-тегжейлі баяндау Қазавтожол мән мәселелерін АХҚО сотының қарауына (Мәскеудегі Халықаралық сауда палатасының Төрелік Сотының орнына) беруге дайын екендігін және бергісі келетінін куәландырады. Бірақ келесі екі баяндаудың мәнмәтініндегі қарапайым баяндау ретінде бұл мұндай жолдың бар болғанымен немесе қолжетімді болуы тиістігімен келісу ретінде қарастырыла алмайды. Бұл баяндаулардың табиғи түсіндірілуі - ДРК шешімінің түпкілікті болып табылатыны-табылмайтыны туралы өз позицияларын білдіре отырып, Тараптар оны шешу мүмкіндігін қарастырған; және, демек, алдымен негізгі мәселе - ДРК шешімінің түпкілікті болып табылатыны-табылмайтыны мәселесі шешілуі тиіс, бұл одан әрі қарай сотқа жүгіну мүмкіндігін болдырмайды. Осылай түсіндіру 2022 жылғы 8 желтоқсандағы № 2 Қосымша келісімнің қарар бөлігінің 2-тармағымен нығайтылады. "Тапсырыс берушінің пікірінше міндетті, бірақ КЖТ-ның 20.4-тармақшасына сәйкес түпкілікті емес болып табылатын ДРК шешімі" туралы айтылатын бұл тармақта түпкіліктілік туралы туындаған мәселеге қайтадан тікелей нұсқау жасалады. Бірден осыдан кейін тұрған "Алайда Тапсырыс беруші бұл мәселені соттың қарауына беруі керек" деген сөздер, Келісімшартқа Толықтырулардың 1.1-тармағымен бірге бұл мәселе өзгерістер енгізілмеген ФИДИК КЖТ-ның 20.6-бабындағы жалпы тұжырымдарда көзделгендей, Мәскеудегі Халықаралық сауда палатасының Төрелік сотында емес, АХҚО сотында шешілуі керек екендігі туралы келісімді білдіреді.

41. Тек егер АХҚО соты бұл мәселені ҚазАвтоЖолдың пайдасына шешсе, кез келген сотта қосымша мерзімдер қандай болуы тиіс және қандай төлем жасалуы керек деген мәселені мәні бойынша одан әрі қарау мәселесі туындайтын еді. Іс осы сатыға жеткен жағдайда, 2022 жылғы 8 желтоқсандағы № 2 Қосымша келісімнің 1.1-тармағының жалпы тұжырымына сәйкес АХҚО соты да келісілген институт болар еді дегенмен Тараптар Іс жүзінде келісті.

42. Дегенмен де, Сот Тараптардың әртүрлі келісімдерінің қолданылуы туралы Todini компаниясының мәлімдегені дұрыс санайды. 2022 жылғы 14 қыркүйектегі Қосымша келісім ДРК шешімін түпкілікті және орындау үшін міндетті етті және оны Мәскеудегі Халықаралық сауда палатасының Төрелік сотында одан әрі қарау мүмкіндігін болдырмай тастады. 2022 жылғы 8

желтоқсандағы № 2 Келісімшартқа Қосымша 2022 жылғы 14 қыркүйектегі Қосымша келісімнің қолданылған-қолданылмағаны туралы сол уақытқа қарай туындаған дауды АХҚО сотының қарауына берді. Жоғарыда 38-тармақта келтірілген 2022 жылғы 8 желтоқсандағы № 2 Қосымша келісімнің мәтінін оқшаулап қарауға болмайды, ал егер Todini сол құжатпен ДРК шешімі түпкілікті болып табылады деген өз позициясынан бас тартуға ниетті болған болса, қалған тармақтардың 2022 жылғы 8 желтоқсандағы № 2 Қосымша келісімнің қарар бөлігінің 2-тармағымен бірге нақты мағынасы болмас еді. Бұдан басқа, Todini өз позициясынан бас тартуы тиіс болатындай ешқандай себеп ұсынылған жоқ. Тиісінше, 2022 жылғы 8 желтоқсандағы № 2 Қосымша келісімде 2022 жылғы 14 қыркүйектегі Қосымша келісімнің табиғи мағынасына әсер ететіндей немесе оны өзгертетіндей ештеңе жоқ; сондай-ақ 2022 жылғы 14 қыркүйектегі Қосымша келісім белгілі бір мағынада одан әрі қарай кез-келген сотқа жүгіну мүмкіндігін болдырмай, ДРК шешімін түпкілікті және міндетті етеді деген өзі білдірген позициясынан бас тартуға Todini-дің келісімі ретінде түсіндірілетін де онда ештеңе жоқ,

43. Тыңдау барысында Todini Соттан ДРК-ның 2022 жылғы 21 қазандағы шешімін Тараптардың қосымша уақыт пен төлемге қатысты мән мәселелері бойынша кез келген басқа сотқа жүгіну мүмкіндігін болдырмайтындай түпкілікті және міндетті еткенін-етпегенін анықтауды ғана емес, сонымен қатар ДРК-ның алдағы уақыттардағы барлық шешімдері осы мағынада түпкілікті және міндетті болуы керектігін қаулы етуді де сұрады. Сот 2022 жылғы 14 қыркүйектегі Қосымша келісімге және 2022 жылғы 15 қыркүйектегі Дауларды реттеу жөніндегі үшжақты келісімге сәйкес Билялов мырзаны тағайындау нәтижесінде құрылған ДРК 2022 жылғы 21 қазандағы шешімінде шешілмеген қандай да болмасын болашақ мәселе бойынша қандай да бір қосымша шешім шығара алатын болғандай қандай да бір мән-жайлардың бар-жоғы туралы материалдарды тыңдаған жоқ. Егер болса, онда ол, бәлкім, оның 21 қазандағы шешімінде шешілмеген қандай да болмасын болашақ мәселе бойынша қандай да бір қосымша шешім шығара алатын еді. Егер ол шығара алғанда, онда, мүмкін, 2022 жылғы 14 қыркүйектегі Қосымша келісімнің 2.1-тармағына сәйкес кез келген осындай қосымша шешім де қандай да бір мағынада кез келген әрі қарайғы жүгінуді болдырмайтын түпкілікті, сондай-ақ міндетті болар еді. Алайда, Сот осы мәселелердің қайсысын да болмасын зерттеуді немесе шешуді ұсынбайды. Сот шешімі оның қарауындағы ДРК-ның 2022 жылғы 21 қазандағы шешімінің нақты мән-жайларымен шектеледі.

Қорытынды

44. Сот баяндалған себептер бойынша құрамына Билялов мырза кіретін ДРК-ның 2022 жылғы 21 қазандағы шешімі Тараптар үшін түпкілікті және міндетті болған және болып қалады және 2022 жылғы 8 желтоқсандағы Қосымша келісімнің 2.2 тармағына сәйкес ол осы Кеңестің шешімінің мәнін кез келген сотта одан әрі қарай даулау мүмкіндігін жояды деген шешімге келеді.
45. Тараптар осы шешім шығарылғаннан кейін 1 апта ішінде шығыстар туралы (оның ішінде бір тарап екінші тарапқа төлеуі тиіс кез келген шығыстардың мөлшері туралы) мәселе бойынша жазбаша ұсынымдар беруге құқылы, содан кейін Сот шығыстар туралы мәселе бойынша жеке бұйрық шығарады.

Сот қабылдады,

Мәртебелі Лорд Манс

Төраға, АХҚО соты

Өкілдік ету:

№: AIFC-C/CFI/2023/0005 ic

Талап қоюшының атынан Әйгерім Зейнешева ханым өкілдік етті, "ҚазАвтоЖол "ҰК" АҚ құқықтық және кадрлық жұмыс департаментінің бас менеджері, Астана қ., Қазақстан.

Жауапкердің атынан Уәлихан Шайкенов мырза өкілдік етті, Директор, Заң консультанты, Shaikenov Law Experts (SHEL), Алматы қ., Қазақстан.

№: AIFC-C/CFI/2023/0007 ic

Талап қоюшының атынан Уәлихан Шайкенов мырза өкілдік етті, Директор, Заң консультанты, Shaikenov Law Experts (SHEL), Алматы қ., Қазақстан.

Жауапкердің атынан Әйгерім Зейнешева ханым өкілдік етті, "ҚазАвтоЖол "ҰК" АҚ құқықтық және кадрлық жұмыс департаментінің бас менеджері, Астана қ., Қазақстан.

